

Список литературы

1. Новое десятилетие — новый экономический подъем — новые возможности Казахстана: Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана // Мысль. — 2010. — № 3. — С. 2–14.
2. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2020 года: Утвержден Указом Президента Республики Казахстан от 1 февраля 2010 г. № 922 // Мысль. — 2010. — № 3. — С. 15–42.
3. *Сакенов М.* Форсированное индустриально-инновационное развитие экономики Казахстана // Промышленность Казахстана. — 2009. — № 6 (57). — С. 10–13.
4. *Каренов Р.С.* Приоритеты стратегии индустриально-инновационного развития горнодобывающей промышленности Казахстана. — Астана: Изд-во КазУЭФМТ, 2010. — 539 с.
5. *Кошанов А.* Форсированная индустриализация и инновационная стратегия // Мысль. — 2011. — № 5. — С. 29–36.
6. *Турежанова М.* Ставка — на эффект со смелыми идеями // Казахстанская правда. — 2011. — 9 дек. — С. 8.
7. *Алибекова Р., Муканова А., Турежанова М.* и др. Стратегия национального успеха: Нурсултан Назарбаев дал старт новым прорывным производствам // Казахстанская правда. — 2011. — 10 дек. — С. 1–3.
8. *Муканов Д.* Караганда на рубеже веков: взгляд в будущее. — Алматы: РГП «НЦ КПМС РК», 2006. — 178 с.

ӨЖ 334.012.64

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің белсенділігін арттырудағы шетел тәжірибесін пайдалану нәтижелігі мен мүмкіндіктері

Райханова Г.А., Байтоғаева Б.Б.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В статье рассмотрены подходы к определению малого бизнеса, а также вопросы поддержки малого и среднего бизнеса государством. Показано динамичное развитие субъектов малого предпринимательства. Названы задачи, которые поддерживают конкурентноспособные рыночные отношения и влияют на создание увеличения активности новых предпринимательских групп. Авторами рассмотрен зарубежный опыт поддержки развития малого и среднего бизнеса. Представлены основные программы развития малого бизнеса, дан сопоставительный анализ макроэкономических показателей развития сектора малого и среднего бизнеса в Казахстане и в ряде других стран.

The article deals with approaches to the definition «small business» and the questions of supporting small and medium business by the government. It is shown the dynamic development of subjects of small business. The tasks are called, which support competitive market relations and affect the creation of activity increasing of new business groups. It gives an example of foreign experience of supporting in the development of small and medium business. Relying on world experience, the tasks of supporting small business are defined. The main programmes of development small business are presented. It gives comparative analysis of macroeconomic indicators of development of small and medium business sector in Kazakhstan and in some countries.

Батыс елдерде фирма өсімінің кезеңдік теориясы кең таралған, ол «ұйымдық тәртіп» аумағындағы зерттеу нәтижесінде туып, фирма дамуының кезеңдік сипаттарын ерекшелену негізінде фирма өлшемін сапалық анықтаудың кеңеюіне жол берді. Фирма өсімі теориясының бір нұсқасы кәсіпорын мөлшерін анықтаумен тікелей байланысты болмаса да, бекітудің сапалық нұсқасын дамыту үшін қолданады.

Осы теорияның бір нұсқасы кәсіпорын өсімі кезеңінің индикаторы ретінде өнімді дамыту стратегиясында көзделді. Көптеген авторлар компанияларды бір өнімді өндіруге бағытталған шағын фирмалардан бастап, өнімнің үлкен өндірісі бойынша қызмет диверсификациясына бағытталған ірі кәсіпорындар — конгломерат-компания түрінде қарастырады (технология, қызмет, «ноу-хау»). Өнім дамуының кезеңін сипаттау үшін фирманың жылдық табысының оның өндіріске кеткен барлық шығындарының қатынасына тең «мамандандыру коэффициенті» қолданылады.

Сапалық көзқарастың артықшылығы — теориялық негіздеменің белгілі бір дәрежедегі жетістігі және түрлі кәсіпорындарға «менеджмент жүйесі» т.б. сияқты сапалық критерийлер тән кең спектр есебі. Бұл тұжырымның кемшіліктері — түрлі сипаттамалар қатарын анықтау үшін фирмашілік

ақпаратқа ену қиындығы мен тәжірибені қолдау күрделілігі (мысалы, «менеджмент жүйесі») және критерийлердің неғұрлым кең спектрі.

Шағын фирманың таза сапалық анықтамасын оның өмір сүру және даму ерекшеліктерін бөлу арқылы қалыптастыруға болады. Бұл көзқарас шағын фирманың қызметі ретінде қарастырылады: айқындылықсыздың жоғарғы деңгейі, инновация енгізуге жоғары мүмкінділік (кең мағынада); тұрақты дамуды және өзгерістерге тез бейімделуі.

Монополиялық нарық еркін бәсекелестіктің мүмкіндігін жоя отырып, экономикалық өрлеуге кері әсерін тигізетіні белгілі, яғни капитал мен өндірістің жиынтығын құрайтын монополизмнің бойында қай кезде де тоқырау қаупі бар. Оған қарсы тұра алатын бірден-бір фактор — ол әлемдік тәжірибеде кең етек алған, біздің елімізде де енді дамып келе жатқан шағын бизнес. Жалпы өркениетті елдердің қай-қайсысын алсақ та, олар өздерінің экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шешуде шағын кәсіпкерлікке арқа сүйейді.

Кәсіпкерлік сектор нарықтық бәсекелестіктің өзгеруіне өте сезімтал. Сонымен қатар экономикадағы бәсекелік сипатты қолдай отырып, орта топтың қалыптасуының негізін қалайды. Осындай әлеуметтік базаны дамытпастан нарықтық реформаларға жоғары баға беру мүмкін емес. Бұл сипаттаманың әділдігін экономиканың қолдаушы күші болған шағын бизнесті кең бағытта қолдаған шет елдердің тәжірибесі айғақтайды. Дамыған елдердің экономикасында шағын кәсіпорындар айтарлықтай маңызды орынға ие болады. Себебі елдегі жалпы ұлттық өнімнің және жалпы ішкі өнімнің жартысынан астамы шағын кәсіпорындардың үлесіне тисе, жұмыспен қамтылғандардың басым бөлігі де шағын кәсіпорындарда еңбек етеді. Мысалы, АҚШ-та ЖҰӨ-нің 50 %-нан астамы, ұлттық жұмысшы күшінің 2/3 астамы, жалпы өнімнің 40 %-ы және еңбекке қабілетті халықтың 53 %-ы шағын кәсіпкерлікке тартылған [1]. Ал, Жапонияда 6,5 млн шағын кәсіпорындар бар, ол жалпы өнімнің 90 %-ын құрайды. Айтарлықтай, Қазақстанға да шағын кәсіпорындарды ұйымдастыру, басқару және тиімділігін арттыру бойынша шетелдік тәжірибелерді пайдалануымыз керек.

Ірі корпорацияларға қарағанда шағын кәсіпорындар технологиялық жаңалықтарды анағұрлым көп игереді. Мұндай кәсіпорындар тауарларды экспортқа шығаруға мүмкіншіліктері мол. Олардың үлесіне Германия, Италия, Жапония сияқты елдерде тауар экспортының 40 %-ына жуығы тиесілі екен.

Әлемдік тәжірибеде қоғам мен мемлекет мүддесінде шағын бизнесті мемлекеттік қолдау норма болып есептеледі. Мұндағы мемлекеттің міндеті шағын кәсіпорындарға қаржылық, техникалық және өзге де ресурстарды беру ғана емес, сондай-ақ оларды қандай да бір дәрежеде болсын қолдау емес, олардың өмір сүруі үшін құқықтық және экономикалық жағдай жасау, нарық жағдайында өсіп, өмір сүре алуы үшін жағдай жасаудан тұрады. Еуропа, Жапония, АҚШ, Азия сияқты әлемнің барлық елдерінде және Латын Америка елдерінде шағын кәсіпкерлікті дамытуды қолдаудың қуатты толқыны жүруде [2]. Барлық Еуропа, әсіресе, өтпелі экономикасы бар елдер (Шығыс Еуропа) шағын кәсіпкерлік мемлекеттік қолдауға өз үлестерін қосуды кеңейтуге зор назар аударуда.

Экономикалық қызметтестік және дамуды ұйымдастыру елдерінде барлық фирмалардың 99 %-ы бұл жұмыс орындарының қайнар көзі болып табылатын (жұмысбастылықтың 40–80 %) және ЖІӨ-нің 30–70 %-ын қамтамасыз ететін шағын және орта кәсіпорындар. Мемлекеттік қолдау бағдарламаларының (1989–1993 жж. аралықтары) немесе «Өнеркәсіптік субсидиялардың бағдарламалары» 1552-нен 359-зы шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған. Еуропалық одақтың 12 елдерінде 1990 ж. 15,8 млн ауылшаруашылықтық емес жеке кәсіпорындар есептелген. Олардың 14,7 млн микрокәсіпорындар болды, 1 млн-ға жуығы шағын кәсіпорындар, шамамен 70 000 кәсіпорында 100–500 жұмыскерлер қызмет етсе, тек 13 000 кәсіпорын 500-ден астам қызметкерлерге ие болды. Микрокәсіпорындар үлесіне ауылшаруашылықтық сектордан тыс жұмыспен қамтылғандардың 31,8 %-ы тиесілі, шағын — 24,9 % және орта — 15,1 %.


Қазақстанда шағын және орта бизнес экономиканың маңызды секторы ретінде анықталған. 2009 жылғы қорытынды бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 1089 мың бірлікке жеткен, ЖҰӨ-дегі үлесі 17 %-ды құрады. Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің мониторингі бойынша 2011 жылғы қаңтар-қазанда өткен жылғы қаңтар-қазанмен салыстырғанда өнім шығарылымы (салғастырмалы бағада) 2,6 %-ға, белсенді субъектілер саны 4,4 %-ға өсті, жұмыспен қамтылғандар саны 3,5 %-ға төмендеді. 2011 жылғы қаңтар-қазанда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өнім шығарылымы 6755,1 млрд теңгені құрады. ШОК субъектілерінің жалпы санында дара кәсіпкерлер үлесі — 64,8 %, шаруа (фермер) қожалықтары — 24,7 %, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар — 9,3 %, орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар 1,2 %-ды құрады.

Қазақстан бойынша 1999–2009 жылдар аралығындағы субъектілер және жұмыспен қамтылғандардың көрсеткішін қарастырайық (1-кесте).

Шағын кәсіпкерліктің негізгі көрсеткіштері

	Субъектілер саны, бірлік			Жұмыспен қамтылғандар саны, мың адам		
	заңды тұлғалар	жеке кәсіпкерлер	шаруа (фермерлік) қожалықтары	заңды тұлғалар	жеке кәсіпкерлер	шаруа (фермерлік) қожалықтары
1999	30 172	340,7
2000	33 778	...	76 373	385,0	...	265,5
2001	39 590	119 038	95 460	428,8	345,6	311
2002	42 516	169 781	111 434	467,4	351,4	357,3
2003	46 194	215 116	121 722	482,5	438,1	378,7
2004	51 339	247 688	148 011	524,6	474,5	405,8
2005	50 612	297 234	156 978	533,8	571,6	504,7
2006	47 756	358 583	163 721	557,9	622,7	504,3
2007	55 865	415 709	169 326	585,9	733,5	542,8
2008	58 480	475 841	169 481	464,6	828,9	461,8
2009	60 601	428 420	170 193	551,3	874,4	465,8
2011	64 818	451 594	172 506	698,2	726,5	428,9

Қазақстанның ШОК көрсеткіштерін дамыған елдердікімен салыстырып көрсетейік (1-сур.).



1-сур. Қазақстанның шағын және орта бизнес макроқорсеткіштерін дамыған елдердікімен салыстыру

Ресей Федерациясының көрсеткіштеріне тоқталайық (2-кесте).

Шағын бизнес көптеген елдердің экономикасындағы базалық негіздеме болып табылады. Саясаттың жекелеген салалары бойынша Еуропалық қауымдастық елдеріндегі шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың жалпыланған тәжірибесін келтірейік.

Қаржыландыру. Еуропалық қауымдастық барлық елдері шағын және орта бизнеске түрлі тетіктерді қолдана отырып, қаржыландыру көздерін табуға қатысты мәселелерді шешуге көмектеседі. Кейбір мемлекеттер (Ұлыбритания, Нидерланды және т.б) негізінен займ кепілдіктерін қамтамасыз ету жүйелеріне шоғырланады. Ал көптеген елдер субсидиялар, инвестицияларға фискалды жеңілдіктер, жеңілдікті займдар немесе дотациялар арқылы шағын және орта бизнесті қолдау үшін

ерекше резервтерді құрады. Шағын және орта бизнестің негізгі қорларына қаражаттарды инвестициялау ерекше ынталандырылады. Израильде қолдау инфрақұрылымының объектілері құрылған, олардың көпшілігі мемлекеттік. Кәсіпорындарды қаржыландыруға көмек беретін мемлекеттік және бірнеше жеке қорлар бар, ал мемлекеттік субсидия бизнесті жүргізу үшін қажетті қаражаттың 3/4-ін құрайды, 1/4-і — кәсіпкердің салған қаражаты. Кейбір елдерде (Бельгия, Франция, Нидерланды және т.б.) тәуекелді капиталды шағын және орта бизнеске ұсыну тәжірибесі жүзеге асырылады [3].

2 - к е с т е

**2001–2005 жылдардағы Ресей Федерациясы бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны
(жыл аяғы бойынша)**

	2001	2002	2003	2004	2005
Ресей Федерациясы	843,0 мың	882,3 мың	893,0 мың	953,1 мың	979,3 мың

Ақпараттық технологияларда шағын инвестициялық жобалар (РПИ) мен инновацияларды сыйақылау жүйесі. Алынған қаражаттар жалпыеуропалық деңгеймен салыстырғанда Португалияның шағын кәсіпорындарындағы қаржылық тапшылық пен технологиялық ара-қашықтықты жоюға ықпал етті.

Тұрақты экономикалық жүйеде шағын кәсіпкерлік динамикалық түрде дамуы мүмкін, тұтынушылардың сұранысының өзгеруіне тез бейімделе алады, бәсекелес нарықтық қатынастарға ықпал етеді, экономиканың құрылымдық қайта құрылуына әсер етеді, жаңа жұмыс орындарын ашады, жаңа кәсіпкерлік топ пен меншік иелерінің құрылуына жағдай жасайды, елдің жалпы ұлттық өнімінде үлкен үлеске ие бола алады, мемлекеттік бюджетке үлкен қаржы сомаларын береді.

Негізгі бағдарлама — бұл инкубаторлық бағдарлама. Инкубаторлар — ол университеттер, компаниялар, федералдық органдар, штаттық басқармалар жанында құрылатын ұйымдар. Бұл ұйымдардың негізгі мақсаты жаңа кәсіпкерлерге жан-жақты көмек көрсету болып табылады. Қойылған мақсатқа, қаржыландыру көзіне байланысты инкубаторлар фирмалық, университеттік, жекеше болуы мүмкін.

Сауда палаталары да инкубаторларды қаржыландыруға қатысады. АҚШ-та шағын кәсіпорындар экономикада жетекші рөл атқарады. Сондықтан да федералдық, штаттық басқару органдары шағын және орта бизнестің дамуына үлкен мән беріп отыр, оның дамуына барлық жағдай жасап жатыр.

Қазір шағын кәсіпорындар жоғары технологиялық, химиялық өнеркәсіп, транспорттық қызмет, информатика, телекоммуникация салаларына әр тараптандырылып жатыр.

Инкубаторларды қаржыландырудағы мақсаты:


- инкубатор клиентінің табысына ортақтасу;
- жеке тұлғалардан арендалық төлемдер алу;
- жаңа жұмыс орындарын ашу.

Американың шағын кәсіпкерлігі сауда, өндірістік орта, қаржылық сектор, консалтинг, инновациялық ортада және әлеуметтік қызмет көрсету салаларында жақсы дамыған. АҚШ-та ең алдымен осы салаларды штаттық және аймақтық орталарында дамыту болып табылады. Штаттық пен аймақтық ортаны қаржыландыруға байланысты ұйымдар құрылған. Бұл ұйымдардың басты мақсаты — қандай да кәсіпорындарға қаржылық, несиелік түрінде көмек көрсету [4].

Жапонияда шағын кәсіпкерлікті ұйымдастырушылық реттеу шағын кәсіпкерліктің мемлекеттік корпорациясымен жүзеге асырылады. Жапонияның халық шаруашылығындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны, тауар айналымы, басқа секторлармен салыстырғанда, алдыңғы қатарда тұр.

Дәстүр бойынша әрбір аймақтық ірі корпорация өз жанында бірнеше шағын кәсіпорын құрайды. Бұл кәсіпорындар бос кәсіпорындарға тәуелсіз болады және өздерінің ұйымдық құрылымын жасайды, жаңа өнімдерді шығара бастайды. Жапонияда шағын кәсіпорындар үлесіне: өндірістің өнімінің — 50 %-ы, көтерме сауданың 60 %-ы тиесілі. Шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі барлық компаниялар санының 99,6 %-ын, ЖІӨ-нің 55 %-ын және өнеркәсіпке жұмыспен қамтылғандардың 80 %-ын құрайды. Шағын бизнес ЖҰӨ-нің 61 %-ын құрайды.

Беларусь Республикасында 84 164 ұйымдар бар, яғни 2010 жылға қарағанда 6 762-ге өскен. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің — заңды тұлғалардың жекеменшік формалары бойынша жіктелуі 2-суретте көрсетілген.



2-сур. 2010 жылғы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің — заңды тұлғалардың жекеменшік формалары бойынша жіктелуі, %

Сингапурда 140 000 шағын және орта кәсіпкерліктің субъектілері елдің барлық кәсіпорындарының шамамен 90 %-ын құрайды. Шағын кәсіпкерлік жұмыспен қамтылғандардың көп бөлігін жұмыс орындарымен қамтиды, жылына шамамен 5–6 %-ға өседі.

Еркін нарықты бәсеке шағын кәсіпорындарға сыртқы ортаға бейімделуіне көмектеседі. Мұндай жағдайда мемлекеттік орган шағын кәсіпорынға құрал-жабдықтарды жаңартуға, технологияны жақсартуға, өнімге деген сұранысты дамытуы көмек береді. Жапонияның шағын кәсіпкерлікті мақсатты түрде бюджеттен қаржыландыруды, әрбір министрі, әр ведомство өз шығындар бюджетіне шағын бизнеске жұмсайтын қаржыны кіргізеді. Шағын және орта кәсіпорындарға жеңілдетілген салық мөлшерлемесі қолданылады.

Ұлыбританияның шағын бизнестегі тәжірибесі. Ұлыбританияда шағын бизнес субъектілеріне: жылдың тауар айналымы 2 млн фунт стерлинг аспайтын, активтер сомасы 1 млн фунт стерлинг және жыл бойы 50 адамды жұмыспен қамтитын кәсіпорындар жатады. Ұлыбритания мемлекеттік кеңестік қызмет бастаушы кәсіпкерлерге қажетті кеңестер береді. Мысалы, коммерциялық мәселелерді қалай шешу керек екені, бухгалтерлік есепті қалай жүргізу керектігі, нарықта қалай зерттеу екендігі туралы кеңестер.

Қазақстанда шағын кәсіпорынды ашу үшін жұмсалатын күш-жігерді шетелде шағын кәсіпорын ашуға жұмсалатын уақытпен салыстыру мақсатында [5] зерделеу қажет.

Қазақстанның шағын кәсіпкерліктегі белсенді субъектілер санын 3-кестеден көре аламыз [6].

3 - к е с т е

ҚР шағын кәсіпкерліктегі белсенді субъектілер саны, бірлік

		2011 ж.				
ҚР	қаңтар-ақпан	наурыз-сәуір	мамыр-маусым	шілде-тамыз	қыркүйек-қазан	
	667 815–668 573	655 102–657 051	655 467–669 701	667 655–667 000	687 508–688 918	

Франция Үкіметінің шағын кәсіпорындар үшін жасап жатқан шараларын атап өткен жөн. Франциядағы тұрақты түрде дамып келе жатқан саясат жатыр. Басты назарда шағын және орта кәсіпорындар [7]. Себебі, бұл кәсіпорындар — нақты экономиканың ең динамикалық елі. Ресми дерек бойынша, Францияда шағын және орта кәсіпорындарда 16 500 000 адам жұмыспен қамтылған. Орташа есеппен бір кәсіпорында 7 адам жұмыс істейді. Францияда шағын кәсіпорындарға жұмысшылар саны 500-ден аспайтын кәсіпорындар жатады. Кореяда барлық компаниялардың 99,5 %-ын құрайтын 3 млн шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері бар. Соның ішінде шағын компаниялардың үлесі 97 %-ды құрайды. Оңтүстік Кореяда шағын компаниялар жұмысқа орналастырудың маңызды көзі болып табылады, өйткені онда елдің экономикалық белсенді

халқының 87 %-ы жұмыспен қамтылған (10 млн астам). Шағын және орта кәсіпкерліктің үлесіне елдің ЖІӨ-нің жартысы және оңтүстік корейлық экспорттың 43 %-ы тиесілі. Ал, Қазақстанда ШОБ саласында 2,5 млн адам (30 %) жұмыс істейді [8]. Шағын және орта бизнес субъектілері өткен жылмен салыстырғанда 6 % өсті. Әдетте әкімшілік процедуралар шағын кәсіпорындар құруға кедергі келтіретіні мәлім, сондықтан Франция Үкіметі формалды мәселелерді қысқартуға көшті. Францияда шағын бизнесті несиелеу негізінде пайдасыздық өсімді мемлекет бонификациялайды. Бонификация — бұл жеңілдету.

Францияда шағын кәсіпкерлікті реттеудің ұйымдастырушылық құрылымы Шағын және орташа кәсіпкерлік конфедерациясымен, Сауда және өнеркәсіптік палаталарымен, Бастаушы және дамушы кәсіпорындардың ұлттық агенттігімен, Техника, өнеркәсіп және экономикалық ынтымақтастық істері жөнінен агенттігімен көрсетілген.

Германияда да аймақтық шағын және орта кәсіпкерліктің басты сипаттамасы ең алдымен меншік құқы мен кәсіпорынды тікелей басқарудың бірлігі болып табылады [9].

Германияда шағын бизнесті мемлекеттік қолдау жүйесінің негізінде жатқан басты принцип-өздігінен, мүмкіндігінше, өз бетінше дамуды барынша ынталандыратын көмек беру болып табылады.

Шағын бизнес жөніндегі үкіметтік қызмет кәсіпкерлер үшін әр түрлі семинарлар мен курстар ұйымдастырылып тұрады. Сонымен қатар Үкімет банктер алдында кәсіпкерлер үшін қарыздық кепілдеме береді. Шағын кәсіпорындар салықты табысқа жеткеннен соң ғана төлейді. Қаржылық механизм арқылы мемлекет шағын бизнеске несиелеу ұсынысын арттырды.

Азиялық қаржылық дағдарыс көрсеткендей, шағын және орта кәсіпорындар сыртқы факторға аз тәуелді [10]. Осыдан бұл кәсіпорындар үлкен кәсіпорындарға қарағанда артықшылықтарға ие. Үкіметтің шағын және орта кәсіпорындарды қолдауға бағытталған саясаты өте алуан түрлі болып келеді және бұл саясат кәсіпорындардың әрі қарай дамуын қолдайды.

Шетелдік тәжірибеге қарап, Республикамызда атқарылатын іс-шараның әлі көп екенін байқауға болады. «Бизнестің жол картасы–2020», «Шағын кәсіпкерлікті қолдау туралы» Заң атқарылатын іс-шаралардың бастамасы ғана, экономиканың бұл секторын көтеру үшін жүйелі түрде жұмыс атқарылуы керек. Шағын және орта бизнестің тұрақты дамуына барлық жағдай жасау — бұл Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың біздің алдымызға қойған міндеттерінің бірі. Республикамызда шағын және орта кәсіпкерлікке қағаз жүзінде емес, шетелдегі сияқты нақты көмек қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралардың 2005–2007 жылдарға арналған бағдарламасы // www.government.kz
2. *Жатқанбаева Е.Б.* Малое предпринимательство: теория, мировой опыт и Казахстан. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2001. — С. 76.
3. *Сабден О.С., Токсанова А.Н.* Управление малым предпринимательством: вопросы теории и практики: Науч. изд. — Астана: Елорда, 2001. — С. 114.
4. *Токсанова А.Н.* Основы предпринимательской деятельности. — Астана: PRINT-S, 2007. — С. 228.
5. *Нұрғалиева Қ.* Қазақстандағы өндіріс тиімділігін арттыруда материалдық ынталандыру жүйесін дамытудың бағыттары // Қаржы-Қаражат. — 2006. — № 3,4. — 24-б.
6. Қазақстан Республикасының статистика агенттігі 2011 ж. алдынала деректер: Стат. жин. — Астана, 2011.
7. *Мамыров Н.К., Саханова А.Н. и др.* Государство и бизнес. — Алматы: Экономика, 2002. — С. 102.
8. *Бижан Б.А.* Кәсіпкерліктің жедел курсы: Оқу-әдіст. құрал. — Алматы: [АстанаМедиаСервис], Халықаралық бизнес академиясы, Кәсіпкерлікті дамыту қоры «Самырұқ Қазына», 2009. — 21-б.
9. *Блинов А.О., Шапкин И.Н.* Малое предпринимательство: теория и практика. — М.: Дашков и К, 2003. — С. 94.
10. *Горфинкель В.А., Швандар В.А.* Малый бизнес: организация, экономика, управление. — 3-е изд., перераб. и доп. — М.: ЮНИТИ-Дана, 2007. — С. 99.